

Түркістан облысы,
Келес ауданының білім бөліміне қарасты,
№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде Келес ауданының білім бөлімінің 05. 03. 2025 ж №366 бұйрығы негізінде, ауыл биі: Шыназбай Берік, аудандық дін өкілі: Аристанов Өмірзақ, білім бөлімінен: Конкаков Ербол ағайларымыз кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу сонымен қатар, қасиетті Рамазан айында оқушылар заңды уәкілдерінің қарауынсыз тарауих, жұма намаздарға барудың алдын алу бей мезгілде көшеде жүрудің алдын алу, мақсатында 8-11 сынып оқушылары мен ұстаздарына ақпараттық - түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Кешкі уақытта оқушылар көше аралап жарапазан айту олардың міндетіне жатпайтыны туралы да айтып өтті.
Бұл іс-шараның мақсаты: оқушылардың қазіргі заман талабына сай терең білім ала отырып, діни сауаттылығын арттыру. Заңға бағынушылық мәдениетін қалыптастыру.



Әр ұлтты ерекшелендіретін – дәстүрлі құндылықтары. Адамның жеке қолтаңбасы болатыны секілді, әр ұлттың қолтаңбасы іспетті дара әдет-ғұрпы, салт-санасы бар.

✿ Ұлттық киім – кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

✿ Осыған орай: №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде, «Ұлыстың ұлы күні- Өз Наурыз» мерекесін атап өту іс - шара жоспары аясында «Ұлттық киім күні» аталып өтті.

[#ұлттықкиім](#)

18-20 НАУРЫЗ КИІМ, ЖАҢАРУ ЖӘНЕ СПОРТ

- **18 наурыз**
Ұлттық киім күні – ұлттың сәні
- **19 наурыз**
Жаңару күні – ағаш егу, сенбілік
- **20 наурыз**
Ұлттық спорт күні



[https://www.facebook.com/photo/?fbid=1048879217074773&set=pcb.1048879817074713&_cft_\[0\]=AZU0Gj_xVQ127MJDAGEZtKEJPekgGK-cH5UMPz3IM3H2SA2kgq1wtNGwd94LVYQBCTfSGnAx9gNYWrWyuTTI-v7hpyEew9uy82J1avCfY7g5Ks6GEzA-9c6VWMvlnhI9I68&_tn_*b2H-R](https://www.facebook.com/photo/?fbid=1048879217074773&set=pcb.1048879817074713&_cft_[0]=AZU0Gj_xVQ127MJDAGEZtKEJPekgGK-cH5UMPz3IM3H2SA2kgq1wtNGwd94LVYQBCTfSGnAx9gNYWrWyuTTI-v7hpyEew9uy82J1avCfY7g5Ks6GEzA-9c6VWMvlnhI9I68&_tn_*b2H-R)

Қош келдің, Өз Наурыз!»

✓ Түркістан облысы Келес ауданының білім бөліміне қарасты,
№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде, 20.03 .2025 жылы

✓ “Қош келдің Өз Наурыз” атты тақырыпта мерекелік іс - шара өтті. Ұлттық тағамдар, ұлттық салт дәстүрлер, ұлттық спорт түрлері көрініс тапты .

✓ Бұл іс шараның мақсаты : Ұлттық мәдениетімізді ұлықтау , қазақ халқының салт дәстүрлерін дәріптеу , болашақ ұрпаққа жеткізу.

Бұл іс - шара барысында ұлттық би , тұсаукесер дәстүрі, арқантартыс сайысы, ұлттық тағамдардың таныстырылымы болды.

Ұжым ауызбіршілікпен іс шараны жоғары деңгейде атқарды.

10 сәуір мен 6 мамыр аралығында Республика көлемінде, Жасөспірім іс-шарасы аясында Келес ауданының біліміне қарасты,

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде, Келес АПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі А. Ибрагимов, Келес АПБ, ЖПҚ, ЮПТ, тобының аға инспекторы полиция майоры, Э. Есенкулова, Келес АПБ, ЖПҚ, ӘЗЗҚ тобының аға инспекторы полиция капитаны Н.Құрбанбеков ұйымдастыруымен ата-аналармен кездесіп, жиналыс өткізді. Жиналыста осы төмендегі айтылған тақырыптар кеңінен түсіндірілді. «Зорлық зомбылықсыз отбасы», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің» күндік жұмысқа шығуына тыйым салу туралы, жалпы тәрбиеге қатысты біраз тақырыптар жайында мағлұматтар берді. Жиналыс барысында ата-аналар мамандарға сұрақ қойып, тиісті жауабын алды.

[#Біртұтас тәрбие](#)



ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Келес ауданының білім бөліміне қарасты, №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің ұйымдастырушы педагогы және 9-10 сынып оқушылары, мектебіміздің ардагер ұстазы атамыздың үйіне ерікті түрде барып, ауласындағы шөптерді тазартып, сыпырып тазалық жұмыстарын жүргізіп көмектесті.

Оушылар қарияның әңгімесін тыңдап, көңілін аулап батасын алды.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Түркістан облысы

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің, ұйымдастырушы педагогы М.Мырзараймова. Тәлімгері Н. Кудагелдиеваның ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Ассамблея- татулық пен бірліктің тұғыры» тақырыбында мәдени іс-шара болып өтті. Мәдени іс-шара барысында оқушылар қазақ, орыс, үнді, өзбек халықтарының ұлттық өнерлерін паш етті.

 Мақсаты: 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Үлгілікке, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі – өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.

#Бірлік_Күні



Түркістан облысы,

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ерлікке тағзым» атты іс-шарасы өткізілді.

Бұл тағылымды шарада оқушылар батыр ата-апаларымыздың ерліктеріне бас иіп, оларға деген алғыстарын жүректен шыққан жырларымен жеткізді.

Шара барысында:

- Жеңіс рухын арқау еткен өлеңдер оқылып,
- Әннен шашу шашылып,
- Патриоттық билер биленіп, сахна шынайы рух пен қуанышқа толды.

Ерлік ұмытылмайды, ұрпақ жадында мәңгі сақталады!

#Біртұтас_тәрбие

#ЕрліккеТағзым

#Жеңістің80жылдығы

#ҰлыЖеңіс





Түркістан облысы Келес ауданының білім беру бөліміне қарасты

🏡 №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте 23.05.2025 жылы 1-11 сынып оқушыларына

«Білім – Отаным» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, елге, жерге деген сүйіспеншілігін нығайту, әрі білім арқылы Отанға қызмет етуге тәрбиелеу болды.

Сынып жетекшілер оқушыларды табанды еңбек етуге, биік мақсаттар қойып, туған еліне адал қызмет етуге шабыттандырды.

[#Біртұтас_тәрбие](#)

[#Білім_Отаным](#)



«МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!»

🌸 Түркістан облысы, Келес ауданының білім бөліміне қарасты

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Мектебім, саған мың алғыс!» атты тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

✍️ **Мақсаты:** Бітіруші мектеп түлектерінің 11 жыл білім нәрімен сусындатқан, балалық шағын өткізген мектебімен, әріптен бастап өмір заңдарына дейін үйреткен ұстаздардың шәкіртімен қоштасуы.

Оқушыларымыз 11 жыл білім алған алтын ұя мектебімен қимастықпен қоштасып, ұстаздарына арнаған тілектерін білдіріп, «Мектебім», «Мектеп», «Соңғы қоңырау» ән шашуларын тарту етті.

🌟 11 сынып оқушылары қоштасу вальсін биледі. Соңғы қоңырау соғылды.



Түркістан облысы, Келес ауданының білім бөліміне қарасты
№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі



АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!!!

◆ Оқушыларға жазғы шомылу 🌊 маусымында, қауіпсіздікті сақтай білу шаралары түсіндірілді.

◆ **Мақсаты:** балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау!

#Жазғы_демалыс

#Қауіпсіз_жаз2025

СУДА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ 10 МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕ



Өскелең ұрпақтың үйлесінді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев



1

Балалар тек **ересектердің бақылауымен** шомыла алады



2

Шомылуға арналмаған жерлерде шомылуға **БОЛМАЙДЫ**



3

Танақ ішкеннен кейін бірден суға түсуге **БОЛМАЙДЫ**



4

Арнайы қоршаудан өтіп жүзбеңіз, егер арнайы қоршаулар жоқ болса, онда жағалаудан алыс жүзуге **БОЛМАЙДЫ**



5

Зерттелмеген түбі бар бейтаныс жерлерде суға секіруге **БОЛМАЙДЫ**



6

Дауып кезінде теңізге баруға **БОЛМАЙДЫ**



7

Жүзіп білмейтін балаларды суға арнайы **құралдарсыз (шеңберлер, жеңдер, матрастар) жіберуге БОЛМАЙДЫ**



8

Шеңберлер мен матрастарда жағалаудан алыс жүзуге **БОЛМАЙДЫ**



9

Қатты ағысты жерлерде жүзуге **БОЛМАЙДЫ**



10

Суда **тын ұзақ уақыт болуға БОЛМАЙДЫ**, бір рет 10-15 минут жеткілікті

1 Маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні 🌈

☀️ №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2025 жылдың 2 маусым күні Халықаралық балалар қорғау күніне орай мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагерінің салтанатты ашылуы өткізілді.

🌸 Жазғы сауықтыру лагерін мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша орынбасары Култаева Гүлнар Жасқайратқызы ашып 1 маусым балаларды қорғау күнімен және лагерьдің ашылуымен құттықтады.

🌻 Жазғы лагерь – балалардың алаңсыз күлкісі, достыққа толы орта, қызықты ойындар мен шабытты күндердің бастамасы.

🌟 Әр бала – қайталанбас әлем. Біз олардың әрқайсысының қуанышын сезініп, өздерін еркін әрі қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік жасауға тырысамыз.

Лагерь – бұл тек демалыс емес, бұл – достық, шығармашылық, даму мен ерекше сәттер мекені!

🌻 Барша балаға шат күлкі мен бақыт тілейміз!

#Біртұтас_тәрбие



БІТІРУШІ

ТҮЛЕКТЕРГЕ АТТЕСТАТ ТАБЫСТАУ» КЕШІ

🌱 Түркістан облысы, Келес ауданының білім бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 19 маусым күні мектеп бітірушілеріне арналған «АТТЕСТАТ ТАПСЫРУ» салтанатты іс-шарасы өткізілді.

📖 Аттестат тапсыру кеші – әрбір мектеп түлегінің өміріндегі маңызды сәттердің бірі. Бұл кеш – балалық шақпен, мектеппен қоштасу, үлкен өмірге алғашқы қадам жасау сәті. Ұстаздар мен ата-аналардан алғыс алып, достармен бірге соңғы рет мектеп қабырғасында жиналу – бұл ұмытылмас естеліктерге толы кеш. Әрбір түлек болашаққа үмітпен қарап, армандарына бір қадам жақындайды. Аттестат – тек бір құжат емес, ол жылдар бойы төгілген еңбек пен табандылықтың жемісі.

🌟 Он бір жыл бойы білім нәрімен сусындап, білім ордасын тәмамдаған тағы бір жас толқын үлкен өмірге қанат қақты.

📖 «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, үлкен өмір айдынында еркін жүзіп, мақсаттарың айқын, армандарың асқақ болсын, ЖАС ТҮЛЕКТЕР!

🌟 Ақ жол! Сәтті сапар!!!



Келес ауданының білім бөліміне қарасты,
№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 16 тамыз күні
«Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік өткізілді.
Акцияның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық мәдениетті арттыру және
мектеп ауласын тазарту, табиғатты қорғауға жұмылдыру.
Мұндай іс-шаралар табиғатқа жанашырлықпен қарауға, тазалықты сақтауға және ел азаматтарының
экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған



Келес ауданына қарасты №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі.

2025 жылы 1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді.

Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияға ауылымыздың ақсақалдары, ардагер ұстаздар, кәсіпкерлер мен бірге мектебіміздің ұжымы қатысты.

Аманат партиясы 2 оқушыға мектеп сумкасы мен оқу құралдары алып берді. Аудан депутаттары 2 оқушыға мектеп сумкасы мен оқу құралдарын алып берді. Кәсіпкер Қ. Құрбанов бір оқушыға мектеп формасы, сонымен қатар оқу құралдарымен толық қамтамасыз етті. Ошақты ауылы бас имамы Х. Керімкулов 6 оқушыға мектеп формасы, мектеп сумкасы мен оқу құралдарын алып берді. Кісіпкер Рысбаев Еркін ағамыз 3 оқушыға мектеп формасы және мектеп сумкасын алып берді. С.Құлматов, Ғ. Мергенбаев ағаларымыз ақшалай көмегін беріп кетті.

Акциядан түскен қаржыны тиімді пайдалану үшін қамқоршылықтағы ата-аналар, сынып жетекшілермен бірлесіп қалған оқушыларға көмек көрсетіледі.

Акцияға қатысқан мектеп ұжымына, жомарт жандарға алғысымызды білдіреміз.



МЕКТЕБІМ- МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

🔔🔔🔔 Білім күні – әрбір оқушы мен ұстаз үшін ерекше қуанышты әрі жауапты сәт. Жаңа оқу жылы жаңа үмітпен, жаңа белестермен басталады. Биылғы «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбы – білім ордасының тек білім беретін ғана емес, мейірім мен адамгершілікке тәрбиелейтін қасиетті мекен екенін терең ұғындырады.

🔔🔔🔔 Түркістан облысы Келес ауданының білім бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Мектебім- мейірім мекені» тақырыбында Білім күніне орай салтанатты жиын өткізілді.

Ал өнерлі оқушылар ән айтып, күй шертіп — бұл шараға мерекелік ырғақ қосып, көңіл-күйді көтерді.

🔔🔔🔔 Мақсаты:

оқу жылының басталуына орай, мектептің оқушылар үшін жылы шуағы мен рухани тәрбиенің ошағы екенін көрсету, білім алуға деген ынтаны арттыру және мектепке деген мақтаныш сезімін ояту.





Келес ауданына қарасты

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде, 2025 жылдың тамыз айының 27 мен қыркүйек айының 10 шы жұлдызы аралығында «Бақытты отбасы-бақытты ел»! жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара өткізіліу барысында осы маман иелері,

Келес АПБ ЖПҚ ОТЗЗҚК тобының инспекторы полиция лейтенанты Ж.Айбеков.

Келес АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚК тобының инспекторы полиция майоры Н. Құрбанбеков.

Келес АПБ ЖПҚ ОТЗЗҚК тобының инспекторы полиция лейтенанты Ж.Төрегелді.

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Д. Тоғызбаев

«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» атты тақырып бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Отбасы ұғымын кеңейту, отбасы мүшелерінің рөлін түсіндіру-ата-ана мен бала арасындағы өзара құрметпен жауапкершілікке назар аударту.

[#Отбасында_зорлық_зомбылықсыз_Қазақстан](#)



Келес ауданының білім бөліміне қарасты

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұйымдастырушы педагог Келес Гүлназдың ұйымдастыруымен 1 сынып оқушыларына «Абайлаңыз балалар» атты қауіпсіздік тақырыптарына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты жол ережесін сақтау, және ұғындыру.

Жолда жүргенде, сақ болу керек екенін түсіндіру.

Арнайы жолақшалардан сақтықпен өту керектігін үйрету.

[#Біртұтас_тәрбие](#)

[#Абайлаңыз_балалар](#)



" БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ" 🌟 акциясы

№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясындағы 2023-2024 оқу жылының кешенді жоспарына сәйкес 2023 жылы 5 желтоқсан- Еріктілер күніне " Мен волонтермін!", "Біргеміз!" атты челлендж өткізілді.



20 желтоқсан 2023 жыл №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 3-сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Келес ауданының білім бөліміне қарасты N46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылдың 28 желтоқсан күні Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысы өтті.

Қамқоршылық кеңестің отырысында мектеп директоры Б. О. Рысбаев 2023 - 2024 оқу жылының I-ші жартыжылдықтағы атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті. Сонымен қатар, оқушылар контингенті, педагогикалық құрамы, оқыту бағдарламасының ерекшелігі, оқушылардың білім сапасы, қоғамдастық пен ынтымақтастық, айтулы оқиғалар мен оқушы, ұстаздар жетістігі туралы баяндады. Осы ретте Кеңес мүшесі Накипбаев С. түлектердің жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіші мен таңдаған мамандықтар мәселесін қозғады, ұсыныстарын айтты. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Е.Б. Мутанов дарынды оқушылармен жұмысқа ерекше назар аударып, оларға қолдау көрсетіп, қосымша сабақтар үшін жағдай жасап беру керектігін айтты.

Кездесу соңында мектептің қызметін жақсартуға бағытталған ағымдағы мәселелер қаралып, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектептегі әлеуетті қалыптастыру мен дамытуда өзге де ұсыныстары тыңдалды.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 24.01.2024 жыл күнгі жастар арасында құқық бұзушылықтың, тәуелділіктің теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша аудан көлемінде құрылған ақпараттық-насихаттық бірлескен топ мүшелерінің мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

Жиналыс алқасы:

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Б.Рысбаев

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж.Сатыбалдин.

Келес аудандық прокуратурасының прокуроры – Д.Адилбеков

Келес аудандық білім бөлімі – Қ.Полатов

Келес ауданы АПБ-Д.Тоғызбаев

Аудандық маслихат депутаты – М.Қожақұлов, Н.Муратов, М.Бекбаев, Ж.Ешенқұлов

Ішкі саясат мәдениет тілдерді дамыту және спорт бөлімі – Қ.Аширбеков

Дін өкілі – Д.Керімбай, Н.Момбеков, А.Ботапов, П.Айбек.

Ауыл биі-Б.Шынызбаев

Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ - нің маманы К.Қали

Мектеп мұғалімдері, 8-11 сыныптардың жетекшілері қатысты.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің жоғары сынып оқушыларына құқықбұзушылыққа қарсы және ертежүктілік, діни теріс ағымдарға қарсы түсіндірме жұмыстарын Ошақты ауылдық округіне қарасты жастар маманы және жастар инспекторының ұйымдастыруымен, Ошақты а/о дәрігерлік емханасының акушер-гинекологы Пірәлі Ұ. және ауылдың бас имамы Керімбаев Д. оқушылармен түсіндіру жұмысын жүргізді.



«Мейірімділер» еріктілер клубы

#«Қайырымдылық- қайырлы іс»

◆ №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Мейірім» еріктілер тобы 28 сәуір күні біздің еріктілер тобы ардагер-ұстаз Жиенбаева Қалагүл апайымыздың үйінің ауласын тазалау жұмыстарын жүргізді.

✚ Еріктілер қоғамда өз орнын тапқан нағыз патриот жастар. Кез-келген жас ерікті бола алады!



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне арналған «Достық күні», «Бірлік сабақтары» тақырыбына сынып сағаттары өтті. Оқушыларға ел ішіндегі түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен тарихына үніліп, татулық пен бірлікті насихаттады.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде

"Ынтымағы жарасқан туған өлкем" тақырыбында іс шара болып өтті. Қазақстанның байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр-халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты: ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек.

Іс-шара өте жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылардың барлығы өзге ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киіп, өлең айтып, би биледі.



Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Мейірім—жүректе" атты айлық іс-шараның ашылу салтанаты мен "Мейірім-жүректен" атты айлық жоспар бойынша ата-аналар жиналысы өтілді. Ата-аналар айлық жоспарымен таныстырылды, мектеп формасы және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары жайында айтылды. [#қылмысқақарсымын](#)

[#келестәрбие](#)

[#ауданпрокуроры](#)



№46 Абай атындағы орта мектебі" КММ

Жеңіс күніне «Ұмытпайтын Ұлы жеңіс" атты сынып сағаты өтті. Іс-шара Әнұранмен басталды. Қаһарман батырларымыз туралы, соғыс тарихы туралы айтылды. Оқушылар батыр аталарына арнап өлең шумақтарын оқыды



КЕЛЕСТӨРБИЕ

Өскелең ұрпақтың мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында.

Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 1-4 сынып оқушыларына "Мейірімділік асыл қасиет" тақырыбында диктант, 5-8 сынып оқушыларына "Жүректі жылытар мейірімділік" тақырыбында мазмұндама, 9-11 сынып оқушыларына "Мейірімділік жүректен-Қайырымдылық білектен" тақырыбында шығарма жазу іс-шарасы болып өтті.

[#қылмысқақарсымын](#)

[#келестәрбие](#)

[#ауданпрокуроры](#)



МЕЙІРІМ—ЖҮРЕКТЕН"

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 11 мамыр күні "Мейірім — жүректен" атты айлық іс-шаралар жоспарына сәйкес "Прокурор сағаты" іс-шарасы өтті. Келес аудандық прокуратурасының прокуроры Сман Абылайхан Жанболатұлы мен 8-11 сынып оқушылары арасында онлайн кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Аудан бойынша бір мезгілде құқықтық профилактикалық кездесу өткізу, жас өспірімдердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру

[#келестәрбие](#)

[#қылмысқақарсымыз](#)

[#ауданпрокуроры](#)



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тапсырмасына сәйкес терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру оқу-жаттығулары өтті.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023жылы 12 мамыр күні оқу-жаттығулар өткізілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж. Сатыбалдин, мектептің әскери жетекшісі С. Накипбаев, мектептің мейірбикесі Р. Сейтова болып мектеп оқушыларына төтенше жағдайы кезіндегі іс-қимыл алгоритмдерге сәйкес нұсқаулық берілді, қызметкерлер мен оқушыларды эвакуациялауды ұйымдастырды.



№46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 13 мамыр күні

«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясындағы білім беру ұйымдары арасында

«Жасыл мекен» челленджі өткізілді, көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеу мен қатар, еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

[#табиғатқаамқорлық](#)

[#заботаоприроде](#)

[#жасылмекен](#)

[#еңбекқорлық](#)

[#өзін_өзі_басқару](#)

[#самоуправлениРУМЦДОМПК](#)







16.05.2023 жыл Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты N 46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде «Мейірім жүректен» айлық шарасының аясында мектебімізде оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Келес АПБ ЖПҚ инспекторы полиция аға лейтенанты Жанқара Асылтаспен кездесу ұйымдастырылды.

[#келестәрбие](#)

[#ауданпрокуроры](#)

[#қылмысқақарсымын](#)



17.05.2023 жыл Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты N 46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде «Мейірім жүректен» айлық шарасының аясында мектебіміздегі әкелер, аналар, ұлдар, қыздар клубының жетекшілері есеп берді. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының нәтижесі, алдағы оқу жылына қойылатын мақсаттары туралы айтты.

#келестәрбие

#ауданпрокуроры

#қылмысқақарсымын



"МЕЙІРІМ — ЖҮРЕКТЕН" айлық

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие бағыты бойынша "Мейірім-жүректен" атты айлық іс-шаралар жоспарына сәйкес медицина қызметкерлерімен мектеп оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу, жасөспірімдер гигиенасы туралы түсінік беру.

#келестәрбие

#ауданпрокуроры

#қылмысқақарсымын



Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №3 Ә.Молдағұлова ЖОББМ КММ-де "Мейірім-жүректен" атты іс-жоспарына сәйкес "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық неге өршіп тұр?" деген тақырыпта "Дебат" пікір сайыс алаңы болып өтті. Алаңда қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қалай болдырмау жөнінде оқушылар өз ойларын ашық ортаға салды. Дебат өте қызықты әрі тартысты болды



31 мамыр-Саяси құғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күні атап өтілді. Сталинлік қызыл террордың қанды қырғынына аяусыз ұшыраған халықтарының бірі-қазақтар. Ұлтымыз оның ауыр салдарынан ұзақ жылдар бойы еңсесін тіктей алмады. Біздің ауыл тұрғыны Молдабек Құрбановта осы жылдары құғын-сүргін құрбаны болды. Молдабек Құрбановтың ұрпақтарын, ауыл ақсақалдарын шақырып, 9 сынып жетекшілері, «Молдабек Құрбановты еске алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Құғын-сүргін құрбандары, М. Құрбанов өмірбаяны, істеген еңбектері туралы мәлімет берілді, естеліктер айтылды.



Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 1 маусым - Балаларды қорғау күнімен тұспа-тұс келген "Сыңғырла,соңғы қоңырау" атты мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты жиын өтілді.Мектеп ауласы мерекеге сай безендіріліп, оқушылар тамаша мерекелік көңіл күйде болды. Салтанатты жиынды мектеп директоры Рысбаев Бақытжан Оспанұлы бітіруші түлектерге деген ақ тілегімен ашты.Қонақтар, ата-аналар, ұстаздар қауымы бітіруші түлектерге ақ жол тіледі.Салтанатты жиын әсем әнмен, тамаша бимен жалғасты.Бітіруші түлектеріміз өз ұстаздарына алғыстарын айтып, мектеп сенімін ақтауға уәделерін берді.



Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №46 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы "Балдырған" жазғы сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өтті.

Анарбаев Талғат және Сманов Баянбек ағайлардың ұйымдастыруымен балалар күнді сергіту жаттығуларымен бастайды. Білікті тәлімгерлердің ұйымдастыруымен оқушылар арасында әртүрлі балалар шығармашылығын арттыратын байқаулар, тренинг-жаттығулар өткізіледі.

Бүгін оқушыларға «Түрлі-түсті арман» тақырыбында шығармашылық байқауы өтті. Балалар сурет салудан, халық ауыз әдебиетін білуден жарысты.

Мақсаты: ата-бабамыздан қалған мақал-мәтел,нақыл сөздерді жас ұрпағымыздың қандай деңгейде білетіндігін анықталды, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлай отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салуға деген ынталарын артыру.

